Ақтобе облысы Әйтеке би ауданы Құмқұдық ауылдық округі жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жиналыс
ХАТТАМАСЫ №3

Құмқұдық ауылы 02 наурыз 2026 жыл
Қатысқандар саны – 10 адам
Шақырылған: ауылдық ардагерлер және жергілікті қоғамдық кеңес мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:
Құмқұдық ауылының көше қарларын шығару туралы

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Құмқұдық ауылдық округінің әкімі Тілес Киікбайұлы Сарсенғалиев хабарлама жасады.
Құрметті жиынға қатысушылар! Өздеріңіз біліп отырғандай, соңғы 2 жылда ауылдың көшелерін соның ішінде қарын шығаруға мердігер анықталады. Аталған жұмыс Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізіледі. Үш мердігер бағалық ұсыным беріп тұр. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 106-VIII Заңына сәйкес 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен келісім-шарт жіберу мүмкіндігі бар.

ШЫҒЫП СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Нургалиев Сағат - жергілікті қоғамдастық кеңесінің мүшесі – Ия, бүгін қаралған мәселе ауылымыздың көшелерін қарын шығару. Қар шығару өте маңызды мәселе. Мердігердің тиісті техникасы болып, жауапкершілігі жоғары болу керек деп ойлаймын.
Мырзабаев Кенжебек – жергілікті қоғамдық кеңес мүшесі – Әрине, бір ауыздан қолдаймыз. Қыстай қар шығару жұмыстары басты мәселе. Қар шығаруды әсіресе су тасқыны қаупі бар Канахин және Т.Жүргенов көшелерінде толық жүргізілу керек деп ойлаймын. Біз қарсы емеспіз.
Шуренов Нұрбек – жергілікті қоғамдастық мүшесі – Мен толығымен қолдаймын. Су тасқыны кезінде халық қиыншылық көрмеген дұрыс.
Құмқұдық ауылдық округі жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жиналысы
ШЕШІМ ЕТТІ:
Күн тәртібіндегі хабарламаны еске алып Құмқұдық ауылдық округінің көшелерін күтіп ұстау үшін бір көзден сатып алу ең төменгі баға берген «Ая» ЖК мақұлдансын.

Жиналыс төрағасы Нургалиев Сағат
Хатшысы Шуренов Нұрбек